



Біздің байланыс:
 Қазақстан Республикасы, 010000,
 Астана қ., Д. Қонаев көш., 12/1
 Тел. +7 7172 689 601
 Факс: +7 7172 689 602
 e-mail: mail@agmp.kz
 www.agmp.kz



**ТАУ-КЕН ӨНДІРУШІ ЖӘНЕ ТАУ-КЕН
 МЕТАЛЛУРГИЯЛЫҚ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ
 РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ**



Күштің бірігуі мен жүйелі тәсіл кез келген істің сәтті болуының негізін қалайды. 13 жыл бұрын тау-кен өндіру кәсіпорындарын өз қанатының астына алған ТМКҚ мемлекеттік органдарда, Қазақстан Республикасының аумағында және оның аумағынан тыс жерлерде тау-кен металлургия кешені компанияларының мүдесін қорғауды және оларды білдіруді өзіне негізгі мақсат етіп айқындады.

Нақты айқындалған мақсатқа сәйкес Қауымдастық сала мүддесінің жылжуында, Өндіру саласында айқындық бастамасы қағидатын енгізуде, ұлттық заңнаманы және стратегиялық құжаттарды ЭЫДҰ стандарттарына

жақындатуда елеулі нәтижелерге қол жеткізді.

Біз саланың заңнамалық базасын жетілдіруде, заңнамалық жобаларға сараптамалық баға беруде белсене қатысудамыз. Қауымдастық саланың негізін қалаушы құжаттарды, ТМК тұғырлы реформалау бастау алған – Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы кодексті және жаңа Салық кодексін әзірлеуге тікелей қатысты. Қазіргі уақытта ТМКҚ маңызды құжаттардың бірі – жаңа ҚР Экология кодексін әзірлеуге қатысуда.

ТМКҚ жер қойнауын пайдалану, экология, салық салу, бәсекелестік, кедендік әкімшілендіру, инвестициялық қызмет, еңбек қатынасы, көліктік қамтамасыз ету, тарифтік қалыптастыру, кадрларды даярлау, жергілікті құрам мәселелері бойынша саланың шоғырландырылған ұстанымын білдіре отырып, мемлекеттік органдармен үздіксіз сұхбат жүргізуде. Қауымдастық саланың инвестициялық тартымдылығын арттыруға күш салуда.

Біз бұдан әрі Қазақстанның тау-кен металлургия кешенін дамыту мақсатында жұмыс атқаруға, сонымен қатар ынтымақтастық және әріптестік қарым-қатынас үшін әрдайым ашық болып қалуға ниеттіміз.

Николай Радостовец

ТМКҚ ТУРАЛЫ

Тау-кен өндіруші және тау-кен-металлургиялық кәсіпорындардың республикалық қауымдастығы (ТМКҚ) 2005 жылы Қазақстан Республикасының тау-кен секторы кәсіпорнының бастамасы бойынша және салалық министрліктің қолдауымен құрылды.

Қауымдастық жеті министрлікте, Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасында аккредиттелген және геология, тау-кен, көмір өндірі және металлургия саласында ҚР ҰКП жекелеген функцияларын орындайды.

Бүгінгі күнде ТМКҚ Қазақстанның ірі салалық бірлестігі болып табылады, оның құрамына 100 аса қара және түрлі-түсті металлургия, уран және көмір өнеркәсібі компаниялары, атап айтқанда Еуразиялық Тобы, «АрселорМиттал Темиртау» АҚ, «Қазақмыс» Корпорация» ЖШС, KazMinerals, «ҰТК «Тау-Кен Самұрық» АҚ, «НГК «Казгеология» АҚ, «Полиметалл Евразия» ЖШС, «Өскемен титан магний комбинаты» АҚ, «Казатомпром» ҰК» АҚ, «Богатырь Көмір» ЖШС, RioTinto және басқа кәсіпорындар кіреді.

ТМКҚ негізгі миссиясы Қауымдастықтың құрамына кіретін компаниялардың құқығы мен заңды мүддесін қорғау, мемлекеттік билік органдары мен бизнес-қауымдастығы арасында ашық және конструктивті сұхбат орнату.

ТМКҚ Қазақстан тау-кен металлургия кешенінде әлеуметтік-жауапты бизнес қағидаты негізінде жекеменшік кәсіпкерлікті дамыту үшін күшті шоғырландыруға ұмтылуда.

САРАПТАМАЛЫҚ

ТМКҚ қызметінің басым бағыты ҚР Кәсіпкерлік кодексінде және «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген рәсімдер шеңберінде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүддесін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сараптама жүргізу болып табылады. Сонымен қатар, ТМКҚ ҚР Үкіметі мен Парламентінің консультативтік-кеңесу органдарының құрамында заң жобаларын талқылауға қатысады.

ТАЛДАМАЛЫҚ

Қауымдастық қызметі бағыттарының бірі жүйелі талдау жұмысы, болжамды әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдар тұрғысында сол немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерді қабылдау тәуекелдерін сараптамалық бағалау болып табылады.

САЛАЛЫҚ ІС-ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

ТМКҚ неғұрлым маңызды, тау-кен металлургия саласын және тау-кен секторын дамытуға үлес қосуға қабілетті салалық іс-шараларға ресми қолдау көрсетеді. Қауымдастық Қазақстанның тау-кен металлургия өнеркәсібі жұмыскерлерінің Съезін ұйымдастырушы болып табылады.

ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕСТІК

ТМКҚ салалық деңгейде әлеуметтік әріптестік процесінде жұмыс берушінің өкілетті өкілі болып табылады, тиісті уәкілетті органдармен және тау-кен металлургия саласындағы және көмір өнеркәсібі кәсіпорындарымен салалық келісімдерге қол қояды. Келісім көрсетілген сала және еңбекақы саясатының әлеуметтік саласында қалыптастырылады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ

ТМКҚ Қазақстандағы Өндіру саласында айқындық бастамасын іске асыруға белсенді қатысуда.

ТМКҚ Ресей, Латвия, Украина және Қырғызстанның профильді салалық бірлестіктерімен, сондай-ақ Польша, Аустрия, Германияның ірі компанияларымен тығыз ынтымақтастық орнатты және тиісті меморандумдарға қол қойды.

Халықаралық институттармен және ұйымдармен: ЭЫДҰ, Дүниежүзілік банк, ЕРДБ, GIZ және басқаларымен өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

САЛАНЫҢ КАДР ӘЛЕУЕТІН ДАМУ

ТМКҚ тау-кен металлургия саласын білікті кадрлармен қамтамасыз етуге бағытталған, оның ішінде ТМК кәсіби стандарттарды әзірлеу бойынша жүйелі жұмыс жүргізуде.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлімен және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп ТМКҚ ТМК кадр қажеттілігін айқындауға, сондай-ақ жаңғырту персоналдардың босау мүмкіндігіне ықпал ету масштабын бағалауға және 2025 жылға дейінгі перспективада жұмыскерлер ағынын басқару бойынша шаралар әзірлеуге бағытталған жұмыстар жүргізуде.

ТЕХНИКАЛЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ СТАНДАРТТАУ


ТМКҚ базасында «Жер қойнауын пайдалану және металлургия» №85 стандарттау бойынша Техникалық комитет жұмыс істеуде, оның жұмысы ТМК саласында ұлттық стандарттарды сапалы деңгейге арттыруға, олардың ішкі және сыртқы нарықта Қазақстан өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін халықаралық стандарттармен үйлесімділігіне бағытталған.

Бүгінгі күнде Қауымдастықтың құрамына Қазақстанның ТМК 100 аса ірі кәсіпорындары кіреді. Сонымен қатар ТМКҚ саланы дамыту мүддесінде күшті шоғырландыру мақсатында ынтымақтастық және жаңа компаниялардың кіруі үшін ашық ұйым болып табылады.

1. «Өскемен титан магний комбинаты» АҚ
2. «Терискей» ЖШС
3. «Данк» ЖШС
4. «Бетпак Дала» БК» ЖШС
5. «Южная горно-химическая компания» ЖШС
6. «Қазақстан Никелі» РМК» ЖШС
7. «Восход Oriol» ЖШС
8. «Сары Казна» ЖШС
9. «Каражыра ЛТД» АҚ
10. «АК «Алтыналмас» АҚ
11. «Алел» Қаржы-инвестиция корпорациясы» АҚ
12. «Казцинк» ЖШС
13. «АрселорМиттал Темиртау» АҚ
14. «Еуразиялық Топ» ЖШС
15. Еуразия Өнеркәсіп Қауымдастығы
16. «Тасмола» ЖШС
17. «Қазақмыс Корпорация» ЖШС
18. «Богатырь Көмір» ЖШС
19. «Майкаинзолото» АҚ
20. «ГМК «Казакхалтын» АҚ
21. «Промышленная Корпорация «Южполиметалл» АҚ
22. «Жезказганредмет» РМК
23. «Металл Терминал Сервис» ЖШС
24. «Комаровское Горное предприятие» ЖШС
25. «Жартас» ЖШС
26. «Nova-Цинк» ЖШС
27. «AltynExcompany» АҚ
28. «Юбилейное» ЖШС
29. «НЦ КПМС РК» РМК
30. «Темиртау электрметаллургия комбинаты» АҚ
31. «НАК «Казатомпром» АҚ
32. «Инкай» БК» ЖШС
33. «RG Gold» ЖШС
34. «Центрально-Азиатский горнопромышленный союз» ҚБ
35. «Майкубен-Вест» ЖШС
36. «Металл» Сауда үйі
37. «Олимп» Сауда-өнеркәсіп компаниясы» ЖШС
38. «SBS Group LTD» ЖШС
39. «Сага Крик Голд компании» БК» ЖШС
40. Д.А.Қонаев атындағы тау-кен ісі институты
41. «Кен-қазба, құрылыс және өндіру» ЖШС
42. «Казчермет автоматика» АҚ
43. «Алтын ММ» ЖШС
44. «РГП BAURGOLD» ЕЖШС
45. «ТНК «Казхром» АҚ
46. «Жайрем тау-кен байыту комбинаты» АҚ
47. «Транском» ЖШС
48. «Казахстанский электролизный завод» АҚ
49. «Еуразия энергетика корпорациясы» АҚ
50. «Алюминий Казахстана» АҚ
51. «Соколов-Сарбай тау-кен байыту өнеркәсіп бірлестігі» АҚ
52. «Қостанай минералы» АҚ
53. «Шалкия Цинк ЛТД» АҚ
54. «Варваринское» АҚ
55. «Полиметалл Евразия» ЖШС
56. «ТрансРемВагон» ЖШС
57. «ШубаркольКомир» АҚ
58. «Антал» ЖШС
59. «Два Кей» ЖШС
60. «Береке 2004» ЖШС
61. «Универсал-Сервис» ЖШС
62. «SAT & Company» АҚ
63. «Завод обработки цветных металлов» АҚ
64. «Екатеринбургский завод по обработке цветных металлов» АҚ
65. «МК «KazSilicon» ЖШС

66. «Тау-Кен Темир» ЖШС
67. «ГОК «Төртқұдық» АҚ
68. «Таукен-Степногорск» ЖШС
69. «Алтын Жиек» ЖШС
70. «ТМК-Казахстан» ЖШС
71. «КАТКО» БК» ЖШС
72. «Рио Тинто Эксплорэйшн Казахстан» ЖШС
73. «KSP Steel» ЖШС
74. «Golden Compass Jambyl» ЖШС
75. «ОПТЭК» ЖШС
76. «Фирма «Балауса» ЖШС
77. ТОО «MineralWealth» ЖШС
78. «ЮрАзияЭнерджиХолдингс ЛТД» компаниясының қазақстан филиалы
79. «ОрсуМеталс, Казахстан» ЖШС
80. «Он-Олжа» ЖШС
81. «НГК «Казгеология» АҚ
82. «Инжиниринговая фирма «OrientalCoLtd» ЖШС
83. «SABEK» ЖШС
84. «СандвикМайнинг энд Констракшн Казахстан ЛТД» ЖШС
85. «ҰТК «Тау-Кен Самұрық» АҚ
86. «Транко» АҚ
87. «Казахстан-Австралия» ЖШС
88. «KAZ Minerals Management» ЖШС
89. «ВостокЭнергоИндустрия» ЖШС
90. «Брендт» ЖШС
91. «Ломоносовское» ЖШС
92. «Kaztonika» ЖШС
93. RobitRocktoolsLtd Компаниясы
94. «Горнорудная компания Казахстана» ЖШС
95. «ТБКИ-700» ЖШС
96. «Темир-Сервис» ЖШС
97. «Росатом Центральная Азия» ЖШС
98. «Central Asia Gold Corp» ЖШС
99. «Казахювелир» АҚ
100. «Жерек» ЖШС
101. «НП «Интеррин» ЖШС
102. «Арман-100» ЖШС

103. «KARUAN» ЖШС
104. «СарыаркаMining» ЖШС
105. «Тараз металлургия зауыды» ЖШС
106. «Ферроникелевый комбинат Ертис» ЖШС
107. «Горнорудная компания «SatKomir» ЖШС
108. «Бакырчикское горнодобывающее предприятие» ЖШС
109. «Актюбинская медная компания» ЖШС
110. «TinOneMining» АҚ
111. «Разрез Молодежный» ЖШС
112. «Разрез Куу-Чекинский» ЖШС
113. «Карагандагипрошахт и К» ЖШС
114. «Геобайт-Инфо» ЖШС
115. «Балхаш Сарышаған» ЖШС
116. «Коргантас» ЖШС
117. «VostokMinerals» ЖШС
118. «AurumPumpAsia» ЖШС



Тау-кен металлургия кешені - бұл неғұрлым бәсекеге қабілетті және Қазақстан өнеркәсібінің бірден бір қарқынды даму секторы.

Республикада хром кенінің әлемдік қорының 30%, марганец кенінің - 25%, темір кенінің - 10% бар. Мыс, мырыш және қорғасын әлемдік қорының тиісінше 10% және 13% құрайды. Қазақстанның жер қойнауында Менделеев кестесінің 105 элементінің 99 анықталған, оның 70 бойынша қорға барлау жүргізілген, 60 көп элемент өндіріске еңгізілген.

2018 жылдың басында ТМК жұмысшылары санының тізімі 198,5 мың адам.

2017 жылғы ТМК өндіріс көлемі 5 трлн 831 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылғыдан 20,5% артық және атап айтқанда 2016 жылы түсті металлургия өндірісінің екі есе өсуіне және осы динамиканың 2017 жылы сақталуына байланысты.

Көрсетілген кезеңде қатты пайдалы қазбаларды өндіруде елеулі өсу байқалады. Ақшалай мәнде түсті металл кенін өндіру көлемі – 968,8 млрд. тенгені (көлем индексі - 108,2 %), темір кенін өндіру көлемі – 242,7 млрд. тенгені (көлем индексі – 106,9 %), көмір және лигнит өндіру – 280,8 млрд. тенгені (106,0 %) құрады.

Металлургия өнеркәсібінде түсті металл өндірісі ақшалай мәнде 2 528,8 млрд. тенге (көлем индексі – 106,6 %), қара металлургия - 1 533,3 млрд. тенге (көлем индексі – 105,5 %) деңгейіне жетті.


Дайын метал өнімдерінің өндірісі ақшалай мәнде 249,2 млрд тенге (көлем индексі – 105,8 %) деңгейіне жетті.

2017 жылы ТМК өндірісінің өсуі, шикізат өндіру көлемінің және ТМК көптеген кәсіпорындарында дайын өнім өндірісінің, оның ішінде KAZ Minerals Plc – да мыс кенін өндірудің, «ТНҚ «Казхром» АҚ-да хром кені мен ферроқорытпа өндірісінің, «Корпорация «Казахмыс» ЖШС-да мыс кені мен мыс өндірісінің, «Соколов-Сарыбай» тау-кен өндірістік бірлестігі» АҚ-да темір кенін өндірудің, «АрселорМиттал Темиртау» АҚ-да болат өндірісінің және ҚР бірқатар көмір өндіру кәсіпорындарында көмір өндірісінің ұлғаюына, сондай-ақ 2017 жылдан бастап іс жүзінде барлық базалық металл мен шикізаттарға әлемдік бағаның өсуімен байланысты.


2017 жылғы ТМК өнімдерінің экспорты өткен жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 43% ұлғайды және 12 173,9 млн. АҚШ долл. құрады. Экспорттың өсуі ферроқорытпасын, тазартылған мыс, қорғасын, мыс кені және мыс концентраттарын жеткізу көлемінің ұлғаюымен байланысты.

Сала бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі саясатын еңгізу ісінде сөзсіз көшбасшы болып табылады. ТМК-ның кәсіпорындарында ұжымдық келісімшарттар енгізілген. ТМК ірі кәсіпорындары жылда жергілікті акиматтармен өзара серіктестік туралы меморандумға қол қояды. Осының арқасында аймақтар мен жеке моноқалалардың әлеуметтік инфрақұрылымдық сұрақтары шешімін табуда.

Тау-кен металлургия кешенінің өнеркәсіптік өндірістің жалпы көлеміндегі үлесі, 2017 ж.



2017 жылғы ТМК өнімдері экспортының құрылымы



Қазақстан бойынша капиталдық шығындардың көлемі, млрд. АҚШ доллары

